

**"Атакент" Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамы
акцияларының мемлекеттік пакетін сату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 24 шілдедегі N 693

Республикада көрме-жәрмеңке ісін одан әрі дамыту және "Атакент" Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) материалдық-техникалық базасын нығайтуға инвестициялар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен Қоғам акцияларының оның жарғылық капиталының 26 проценті мөлшеріндегі мемлекеттік пакетін ақшалық а у к ц и о н д а с а т с ы н .

2. Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне мынадай

өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығын құру туралы"

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 17 наурыздағы N 688 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 33, 502-құжат):

3-тармақтың екінші абзацының, 4, 5-тармақтардың күші жойылған деп танылсын.

2)

3)

ЕСКЕРТУ. 2-тармағының 2),3) тармақшаларының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.09.30. N 1504 қаулысымен.

P991504_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК